

Үржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымындағы № 53-656/VI "Үржар ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 18-351/VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 қыркүйекте № 343-18 болып тіркелді

Үржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Үржар аудандық мәслихатының "Үржар ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" 2020 жылғы 24 маусымдағы № 53-656/VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7281 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасының 5 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 12 (он екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар аудандық мәслихатының төрағасы

А. Омаров